

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 486 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 6 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 27 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5569 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 224 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қаржы ұйымдардың есептілікті беру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) **Басқармасы** **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 486 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2124 тіркелген), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2124 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 486 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 29 мамырдағы N 162 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2384 тіркелген), Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 116 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы

нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 238 тіркелген, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының есеп беру тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту жөніндегі" 1996 жылғы 22 қазандағы N 118 қаулысына және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2124 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 486 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 55 бірлескен қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2854 тіркелген, 2004 жылғы 29 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде N 138 (23774) санында жарияланған), Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының есеп беруін реттейтін кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 28 мамырдағы N 164 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3706 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының есеп беруін реттейтін кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 415 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3988 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде құжаттарды ұсыну мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық кесімдерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4670 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы N 173 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4848 тіркелген, 2007 жылғы 5 қыркүйекте "Заң газеті" газетінде N 135 (1164) санында жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 486 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 29 қазандағы N 166 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5402 тіркелген) енгізілген толықтыруларымен және өзгерістерімен бірге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесінде:

1-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы алынып тасталсын;
4-тармақтың бірінші абзацындағы "2-4" деген цифрлар "1-5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

4 - 2 - т а р м а қ т а :

9) тармақшада "." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісімен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның жарғылық капиталында қатысу үлесінің он және одан астам пайызына иелік ететін қатысушылармен шартпен байланысты тұлғалар туралы, шартқа сәйкес олар бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның қызметіне қатысты осы қатысушы қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқықтары бар.";

1-қосымша осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;
осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын ;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттіктің Төрайым қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2009 жылғы 26

1-қосымша

"Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығында

брокерлік және дилерлік

қызметті

жүзеге

асыруға

лицензиясы бар ұйымдардың есеп

беру ережесінің 1-қосымшасы

дейінгі кезең ішінде

бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік

қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар

ұйым туралы мәліметтер

(брокердің және дилердің атауы)

1	Орналасқан орны (тіркелген)	
2	Орналасқан орны (нақты)	
3	Байланыс құралдары туралы мәліметтер (телефон, факс, электронды почта, Интернет торабындағы сайттың адресі):	
4	<p>Ұйымның акцияларымен (жарғы капиталында қатысу үлесімен) иелік ететін тұлғалар туралы мәліметтер:</p> <p>1) резиденттер:</p> <p>заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы; заңды тұлғаның мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы мәліметтер; салық төлеушінің тіркеу нөмірі; заңды тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы;</p> <p>жеке тұлға үшін: тегі, аты, бар болса әкесінің аты; туған күні; жеке тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы;</p> <p>2) резидент еместер:</p> <p>заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы; заңды тұлғаның тіркелген және орналасқан орны; заңды тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы;</p> <p>жеке тұлға үшін: тегі, аты, бар болса әкесінің аты; азаматтық; тұрғылықты мекені; жеке тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы</p>	

5	Ұйым акцияның жиырма бес және одан астам пайызына иелік ететін (жарғылық капиталында қатысу үлесіне) акционер (қатысушы) болып табылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтер	
6	Ұйымның басшы қызметкерлері туралы мәліметтер (тегі, аты, бар болса әкесінің аты, атқаратын лауазымы, жұмысқа қабылданған күні, уәкілетті органмен басшы қызметкерді келісілу күні)	
7	Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру бойынша қызметті жүзеге асыруға қатысатын қызметкерлер туралы мәліметтер (тегі, аты, бар болса әкесінің аты, атқаратын лауазымы, жұмысқа қабылданған күні)	
8	Клиенттермен жасалған брокерлік қызметті көрсету жөнінде шарттардың саны туралы мәліметтер: брокерлік шарттардың саны; ең төменгі ұстау бойынша қызмет көрсетудің шартын мен тәртібін қоса брокерлік шарттардың саны	

Б а с ш ы

(е с е п к е қ о л қ о ю ғ а
уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

Б а с б у х г а л т е р

(е с е п к е қ о л қ о ю ғ а
уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

мөрдiң орны

Орындаушы (қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)"

Қазақстан Республикасының Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын

реттеу мен қадағалау агенттігі

Басқармасының 2009 жылғы 26
қаңтардағы N 6 қаулысына

2-қосымша

"Қазақстан Республикасының бағалы
қағаздар нарығында брокерлік және
дилерлік қызметті жүзеге асыруға
лицензиялары бар ұйымдардың есеп
беру ережесінің 5-қосымшасы

_____ дейінгі кезең ішінде
**бағалы қағаздардың халықаралық нарығында
жасалған, бағалы қағаздармен болатын мәмілелер
туралы есеп**

(бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік
қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымның атауы)

					Шетел брокерімен		
--	--	--	--	--	---------------------	--	--

N	Мәміленің жасалған күні	Мәміле жасалатын мемлекет	Мәміленің түрі	Нарық	жасалған шарттың күні және нөмірі	Шетел брокерінің атауы	Кастодиан-банкiнiң атауы
Жиынтығы							

кестенің жалғасы

Бағалы қағаздың бірегейлендіру нөмірі	Эмитенттің атауы	Бағалы қағаздарды шығару тіркелген заңнамамен сәйкес мемлекет	Бағалы қағаздардың саны (дана)	Бір бағалы қағаздың бағасы	Мәміленің көлемі	Ескерту
				шетел валютасында	теңгемен	шетел валютасында теңгемен

Б а с ш ы

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) уәкілетті тұлға)

Б а с б у х г а л т е р
(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) уәкілетті тұлға)

мөр орны
Орындаушы (қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)"